

## Жамбыл облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2015 жылғы 22 қазанда № 248 қаулысы

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, " Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Жамбыл облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімдерде осы қаулының 1-тармағында көрсетілген нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылғаны жөнінде әділет органдарына және ресми жариялау көздеріне хабарлауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е.Манжуовқа жүктелсін.

*Облыс әкімі*

*К.Көкрекбаев*

Жамбыл облысы әкімдігінің  
2015 жылғы 22 қазандағы  
№ 248 қаулысына қосымша

## Жамбыл облысы әкімдігінің күші жойылды деп танылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. "Жамбыл облысы әкімдігінің № 1013 тіркелген 2003 жылғы 13 маусымдағы " Жамбыл облысындағы омыртқа жұлыны ауыратын науқастардың Саки курортындағы Н.Н. Бурденко атындағы шипажайда емделуі және жол ақысына жеңілдік берудің Ережесін бекіту туралы" № 76 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2004 жылғы 29 маусымдағы № 167 қаулысы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1412 болып тіркелген, 2004 жылдың 3 тамызында "Ақ жол" газетінде жарияланған).

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің 2003 жылғы 13 маусымдағы "Жамбыл облысындағы омыртқа жұлыны ауыратын науқастардың Қазақстан Республикасының немесе ТМД елдерінің шипажайлық-курорттық мекемелерінде емделуі және жол ақысына жеңілдік берудің Ережесін бекіту туралы" № 76 қаулысына өзгерістер мен

толықтырулар енгізу туралы" Жамбыл облысы әкімиятының 2005 жылғы 31 наурыздағы № 93 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1611 болып тіркелген, 2005 жылдың 28 мамырында "Ақ жол" газетінде жарияланған).

3. "Аз қамтылған отбасыларына жеке шаруашылығын дамытуға және өз ісін ашуға әлеуметтік көмек көрсетудің кейбір мәселелері туралы" Жамбыл облыстық әкімиятының 2006 жылғы 28 қыркүйектегі № 261 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1648 болып тіркелген, 2006 жылдың 9 қарашасында "Ақ жол" газетінде жарияланған).

4. "Үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттарды ресімдеу" электрондық мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы Жамбыл облысы әкімдігінің 2013 жылғы 30 қаңтардағы № 23 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1898 болып тіркелген, 2013 жылдың 28 наурызында "Ақ жол" газетінде жарияланған).